

Түркістан облысының Білім басқармасының «Д.Қонаев атындағы аграрлық техникалық колледжі» МКҚК «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының орындалуын жүргізу мақсатында мекеме қызметкерлері арасында құқықтық оқыту отырысының ХАТТАМАСЫ

Қарабұлақ ауылы

13.11.2025 жыл

Жиналыс төрағасы:
Хатшысы:

Колледж ТЖЖДО: Р.Абдусаметов
Комплаенс офицер: А.Сидиков

Қатысқандар:

Колледж әкімшілігі мен қызметкерлері.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары (ҚР МҚІСҚА 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығы)

Мақсаты: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қоғамдық қатынастарды реттеу және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын іске асыру.

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар;
2. (Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2024 жылғы «31» желтоқсандағы № 285 бұйрығы)

Ағымдағы жұмыстар:

1. Сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу, біліп қалған жағдайда алдын алу.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша колледж комплаенс-офицері А.Сидиков шықты. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар (бұдан әрі – Әдістемелік ұсынымдар) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңына, Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022—2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын (бұдан әрі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат Тұжырымдамасы) іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының 35-тармағын орындау үшін әзірленді. Осы Әдістемелік ұсынымдар сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты қалыптастыру мен оның мазмұнының тәртібін түсіндіруге бағытталған. Аталған стандарт мынадай бағыттардан тұрады: 1) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін картаға түсіру; 2) мүдделер қақтығысын болдырмау; 3) қаржылық бақылау шаралары; 4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру; 5) мемлекеттік органдар мен ұйымдардың есептілігі мен ашықтығы; 6) персоналды басқару үдерістерінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу; 7) мемлекеттік сатып алу саласында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу; 8) квазимемлекеттік және жеке секторларда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу. 2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды қабылдау міндеті мемлекеттік органдарға, ұйымдарға, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор мен кәсіпкерлік субъектілеріне жүктелгенін ескере отырып, аталған әдістемелік ұсынымдар осы көрсетілген субъектілер тобына қолданылады. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт қоғам өкілдерінің қатысуымен әзірленеді, заңнаманы әзірлеу және құқық қолдану тәжірибесінде ескеріледі. Кәсіпкерлік субъектілеріне арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт оларға қосылуы мүмкін, кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктері (қауымдастықтар, одақтар) арқылы әзірленіп, қабылдануы мүмкін. Арнайы мемлекеттік және құқық қорғау органдары осы Әдістемелік ұсынымдарды олардың қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасын ескере отырып қолданады. Әзірленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт субъектінің ішкі рәсімдеріне сәйкес, бірінші басшы немесе басқару органы бекітетін бұйрық өзге де құжат түрінде ресімделеді, аталған құжатта сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға жауапты адамдар немесе құрылымдық бөлімшелер туралы ақпарат, сондай-ақ осы стандарттың тиімді іске асырылуына бірінші басшының немесе уәкілетті тұлғалардың не субъектілер органдарының жауапкершілігі жазылады. Осы бұйрық не субъектінің ішкі рәсімдеріне сәйкес көзделген өзге де құжат субъектілердің интернет-ресурсында жарияланады. 4 Бизнес-

процестерді оңтайландыру мақсатында, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт субъектінің сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға арналған басқа да ішкі құжаттарының шеңберінде қабылдануы мүмкін. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеуге қоғамдық қатысуды ұйымдастыру үшін субъектілер оның жобасын қоғамдық кеңестердің немесе басқа да консультативті-кеңесу органдарын отырыстарында талқылауға шығара алады. Сондай-ақ өз веб-сайттарына орналастырып, ұсыныстар мен пікірлер жинай алады. Осыған қосымша, мүдделі тараптардың пікірін жинау үшін көпшілік тыңдаулар мен талқылаулар ұйымдастыру ұсынылады. Мұндай тәсіл азаматтық қоғамның, бизнестің және тәуелсіз сарапшылардың қатысуына жол ашып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың айқындығын, тиімділігін және оларға сенімділікті арттыратынын А.Сидиков шегелеп, өз баяндамасын аяқтады. Екінші мәселе бойынша сөзге колледж кадр бөлімінің меңгерушісі Г.Мусакулова сөз алды. Ол кісі Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) - Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын қалыптастыру мен іске асыруды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы үйлестіруді, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеуді жүзеге асыратын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі мемлекеттік орган. 1998 жылғы 6 мамырда Қазақстан Республикасы Президентінің №3935 Жарлығымен Қаржы министрлігінің Салық полициясы департаменті мен Ішкі істер министрлігінің Экономикалық полиция департаментінің негізінде Қаржы министрлігінің Салық полициясы комитеті құрылды. Сол жылы комитет Қаржы министрлігінен бөлінген Мемлекеттік кірістер министрлігінің құрамына кірді. 2001 жылғы 22 қаңтарда Қазақстан Республикасы Президентінің № 536 Жарлығымен Мемлекеттік кірістер министрлігінің Салық полициясы комитетінің негізінде Қаржы полициясы агенттігі құрылды. 2003 жылғы 23 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Президентінің №1255 жарлығымен Қаржы полициясы агенттігіне Ішкі істер министрлігінің экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмыстарды анықтау және тергеу функциялары беріліп, Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес (Қаржы полициясы) құрылды. 2005 жылғы 25 ақпанда Қазақстан Республикасы Президентінің №1521 Жарлығымен Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (Қаржы полициясы) Президентке тікелей бағынышты және есеп беретін мемлекеттік орган болып өзгертілді. 2014 жылғы 6 тамызда Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» №883 Жарлығына сәйкес Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің мемлекеттік қызмет саласындағы біртұтас мемлекеттік саясатты іске асыру, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі функциялары мен Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің сыбайлас жемқорлық қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу, оларды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу жөніндегі функциялары беріліп, Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі құрылды. 2015 жылғы 11 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері министрлігі болып ұйымдастырылды. Министрлік құрамында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросы құрылды. 2016 жылғы 13 қыркүйекте Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері министрлігі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі болып қайта құрылды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросы агенттік құрылымындағы ведомство мәртебесіне ие болды. Қазақстан Республикасының Президентінің 2019 жылғы 13 маусымдағы №12 Жарлығымен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросы (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) болып қайта құрылды, деп өз сөзін аяқтады.

Қаулы:

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты қалыптастыру мен іске асыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы үйлестіру, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды барынша болдырмау, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру.

Жиналыс төрағасы:  Р.Абдусаметов

Хатшы:  А.Сидиков

